

**2007 жылғы 1 сәуірдегі  
банктік емес сектордың ағымдағы жағдайы**


2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша республикада банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 16 ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензия негізінде 10 ипотекалық ұйым жұмыс істейді.

№	Ұйымның атауы	01.01.2007	01.04.2007
1	Ипотекалық ұйымдар	10	10
2	Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар	16	16
	<b>Жиынтығы</b>	<b>26</b>	<b>26</b>

**Ипотекалық ұйымдар**

**Активтер.** 2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдар активтерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 20 154,2 млн. теңгеге немесе 15,9 %-ға өсіп, 146 708,5 млн. теңгені құрады.


Ипотекалық ұйымдар активтерінің жалпы сомасында маңызды үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар құрап отыр – 80,8% (118 549,0 млн. теңге), ал бағалы қағаздар үлесіне – 9,7% (14 290,1 млн. теңге), банктердегі корреспонденттік шоттарға – 5,0% (7 304,3 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдарға 1,5% (2 170,0 млн. теңге) келіп отыр.



**Кредиттік портфель.** 1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфелі жыл басымен салыстырғанда 15,1%-ға өсіп, 120 240,4 млн. теңге болды.

Қаралып отырған кезеңде ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 93,8%-дан 91,4%-ға дейін кеміді, күмәнді кредиттердің үлесі 6,0%-дан 8,5%-ға дейін ұлғайды, ал үмітсіз кредиттердің үлесі сол деңгейде қалды - 0,2%.

Несие портфелі сапасының динамикасы	01.01.2007		01.04.2007	
	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығы на % -бен	негізгі борыш сомасы, млн. теңге	жиынтығына % -бен
<b>Несие портфелі барлығы</b>	<b>104 432,9</b>	<b>100</b>	<b>120 240,4</b>	<b>100</b>
<b>Стандартты</b>	<b>97 922,0</b>	<b>93,8</b>	<b>109 861,6</b>	<b>91,4</b>
<b>Күмәнді</b>	<b>6 317,0</b>	<b>6,0</b>	<b>10 177,1</b>	<b>8,5</b>
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	4 797,5	4,6	6 362,8	5,3
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	762,2	0,7	1 740,4	1,4
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	424,9	0,4	607,3	0,5
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	268,4	0,3	401,5	0,3
<i>5 санатты күмәнді</i>	64	0,1	1 065,2	0,9
<b>Үмітсіз</b>	<b>193,9</b>	<b>0,2</b>	<b>201,7</b>	<b>0,2</b>



1 сәуірдегі жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық несие портфеліндегі 3 ірі ипотекалық ұйымдардың үлесі 99,2% құрады. Олардың ішінде «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ - 40,4%, «БТА Ипотека» АҚ - 47,4%, «Астана-финанс» ипотекалық ұйымы» АҚ - 11,4%.


**Міндеттемелер.** Ипотекалық ұйымдардың міндеттемелерінің жиынтық мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 18 689,7 млн. теңгеге немесе 18,9 %-ға өсті және 2007 жылғы 1 сәуірдегі

жағдай бойынша 117 526,4 млн. теңге болды. Бұл ретте, ипотекалық ұйымдардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (64,6 %-ға) және басқа банктерден алынған заемдар (32,3 %-ға) басым болды.

Ипотекалық ұйымдардың жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.07		01.04.07		Өсімі, %-да
	млн. теңге	жиынтығына % -бен	млн. теңге	жиынтығына % -бен	
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	27 975,5	28,3	37 931,5	32,3	35,6
Бағалы қағаздармен «РЕПО» операциялары	0,0	0	0,0	0,0	0,0
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	67 581,5	68,4	75 902,0	64,6	12,3
Басқа кредиторлар	788,2	0,8	939,2	0,8	19,2
Басқа міндеттемелер	2 491,5	2,5	2 753,7	2,3	10,5
<b>Міндеттемелердің барлығы</b>	<b>98 836,7</b>	<b>100</b>	<b>117 526,4</b>	<b>100</b>	<b>18,9</b>

Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.04.07г.


**Кірістілік.** 2007 жылғы 1 сәуірдегі ипотекалық ұйымдар табыс салығын төлегеннен кейін 826,9 млн. теңге мөлшерінде жиынтық таза кіріс алды, бұл өткен жылдың осындай ұқсас кезеңіне қарағанда біршама көп (2006 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша – 204,3 млн. теңге). Кірістердің жиынтық мөлшері есепті күнге 5 515,9 млн. теңге болды (2006 ж. 2 629,0 млн. теңге), шығыстар – 4 689,0 млн. теңге (2006 жылғы 1 сәуірде – 2 629,0 млн. теңге).



Ипотекалық ұйымдардың кірістілігі, млн. теңгемен	01.01.07	01.04.07	Өсімі, %-бен
Сыйақы алумен байланысты кірістер	2480,7	4 177,1	68,4
Сыйақы төлеумен байланысты шығыстар	1484,3	2 342,1	57,8
Сыйақы алумен байланысты емес кірістер	352,8	1 338,8	в 1,8 раза
Сыйақы төлеумен байланысты емес шығыстар	1144,9	2 346,9	105,0

Пайыздық кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (91,4% немесе 3 818,3 млн. теңге) сыйақыны алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал пайыздық шығыстар құрылымында – бағалы қағаздар бойынша (66,0% немесе 1 546,2 млн. теңге) сыйақы төлеуге байланысты шығыстар ең көп орын алады.

Структура обязательств ипотечных организаций по состоянию на 01.01.07г.



Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы ағымдағы жыл басынан бастап 1 464,4 млн. теңгеге немесе 5,3%-ға өсіп, 1 сәуірдегі жағдай бойынша 29 182,0 млн. теңге болды.

### **Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдар**

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жиынтық активтері 2007 жыл басынан бастап 25 780,0 млн. теңге немесе 3,7%-ға өсе отырып, 716 057,1 млн. теңге болды.

Бұл ретте, өзге ұйымдардың құрылымында басқа заңды тұлғалардың капиталына инвестициялар үлкен үлес алды, - 53,7% (384 800,1 млн. теңге), заңды және жеке тұлғаларға заемдар – 12,6% (90 427,0 млн. теңге), басқа банктерде орналастырылған салымдар - 3,4% (24 387,3 млн. теңге), бағалы қағаздарға 2,1% (14 962,8 млн. теңге) болды.

млн. теңге

<b>Қаржы көрсеткіштері</b>	<b>01.01.2007</b>	<b>01.04.2007</b>	<b>Өсімі, %-бен</b>
Активтер, оның ішінде:	690 277,2	716 057,1	3,7
Ақша	23 058,9	72 592,4	в 2,1 раза
Салынған салымдар	17 480,4	24 387,3	39,5
Бағалы қағаздар	13 639,8	14 962,8	9,7
Клиенттерге замедар	81 767,3	90 427,0	10,6
Капиталған инвестиция және реттелген борыш	354 533,6	384 800,1	8,5
Міндеттемелер, оның ішінде	245 302,7	240 450,9	-2,0
Тартылған салымдар	180,2	648,7	в 2,6 раза
Заемдар және қаржылық жалға алу	147 154,0	155 029,1	5,4
Шығарылған борыштық бағалы қағаздар	19 424,7	17 443,6	-10,2
Меншікті капитал	444 974,5	475 606,3	6,9
Жарғылық капитал, оның ішінде:	247 170,8	275 914,7	11,6
Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)	94 547,9	9 806,2	-89,6

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша өзге ұйымдардың жиынтық несие портфелінің құрылымында стандартты кредиттер үлесі 87,0%, күмәнді - 9,5% және үмітсіз - 3,5%, сонда 2007 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттер үлесі - 95,8%, күмәнді - 2,6%, үмітсіз - 1,6%.

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың жеке және заңды тұлғаларына берілген заемдардың жиынтық сомасы жыл басымен салыстырғанда 10,1%-ға өсіп, 110 828,9 млн. теңге болды. Бұл ретте, заемдардың жалпы сомасындағы үлкен бөлікті ауыл шаруашылық мақсатта берілген заемдар алады, олардың үлесі 33,0% немесе 36 584,0 млн. теңге, құрылысқа – 28,9% (32 059,4 млн. теңге) болды.

Ағымдағы жыл басынан бастап, ұйымдар міндеттемелерінің жиынтық мөлшері 2,0%-ға кеміп, 240 450,8 млн. теңге болды. Ұйымдар міндеттемелерінің құрылымында заемдар және қаржылық жалға алу (64,5 %) және шығарылған борыштық бағалы қағаздар (7,2%) басым түседі.

2007 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын өзге ұйымдардың меншікті капиталының жиынтық көлемі жыл басынан бастап 30 631,8 млн. теңгеге немесе 6,9%-ға өсіп, 475 606,3 млн. теңге болды.